

Тауар белгілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде айрықша құқықтарды беру, тауар белгісін пайдалануға құқық беру туралы қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1345 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 4 қыркүйекте № 17331 болып тіркелді.

"Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Тауар белгілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде айрықша құқықтарды беру, тауар белгісін пайдалануға құқық беру туралы қағидадары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақша және орысша тілдерінде ресми жариялануы үшін және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында оны ресми жариялағаннан кейін орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

М. Бекетаев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 29 тамыздағы
№ 1345 бұйрығымен
бекітілген

Тауар белгілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде айрықша құқықтарды беру, тауар белгісін пайдалануға құқық беру туралы қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 21.04.2020 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Тауар белгілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде айрықша құқықтарды беру, тауар белгісін пайдалануға құқық беру туралы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына (бұдан әрі – Мемқызметтер туралы заң) сәйкес әзірленген және тауар белгілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде айрықша құқықтарды беру, тауар белгісін пайдалануға құқық беру тәртібін белгілейді, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) айрықша құқық - тауар белгісін немесе тауар шығарылған жердің атауын өз қалауы бойынша кез келген тәсілмен пайдалануға оның иесінің мүлкітік құқығы;

2) бюллетень - тауар таңбалары қорғау мәселелері жөніндегі ресми мерзімдік басылым;

3) патенттік сенім білдірілген өкілдер - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымы алдында жеке және заңды тұлғалардың өкілі болу құқығы берілген Қазақстан Республикасының азаматтары;

4) Сингапур шарты - 2006 жылғы 27 наурыздағы Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы Сингапур шарты;

5) тауар белгісінің иесі - тауар белгісіне айрықша құқыққа ие жеке немесе заңды тұлға;

6) тауар таңбасы, қызмет көрсету таңбасы (бұдан әрі - тауар таңбасы) - Заңға сәйкес тіркелген немесе Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға орай тіркеусіз қорғалатын, бір заңды немесе жеке тұлғаның тауарларын (көрсететін қызметтерін) басқа заңды немесе жеке тұлғаның біртектес тауарларынан (көрсететін қызметтерінен) ажырату үшін қызмет ететін белгі;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz, www.elicense.kz (бұдан әрі - портал) - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8) "электрондық үкімет" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЭҮТШ) - электрондық нысанда көрсетілетін ақылы қызметтер көрсету шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процесін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

9) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі.

2-тарау. Тауар таңбасын пайдалануға айрықша құқықты беруді тіркеу тәртібі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. "Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке, өнеркәсіптік меншік объектісіне, сондай-ақ интегралдық микросхема топологиясына айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 15.06.2021 № 508 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы қағиданың 1-қосымшасындағы "Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке, өнеркәсіптік меншік объектісіне, сондай-ақ интегралдық микросхема топологиясына айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің (бұдан әрі – тізбе) 8-тармағында көрсетілген қосымша құжаттарымен осы қағидалардың 2 және 3-қосымшаларына

сәйкес ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат түріндегі өтініштерді көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жолдайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі тізбеде келтірілген.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-тармақтың екінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің " newscab.kazpatent.kz" ақпараттық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, осы қағидаларының 4-қосымшасында (бұдан әрі - 4-қосымша) көрсетілген банктік ревизиттер бойынша жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жіберген кезде, мемлекеттік қызмет көрсетуге сұранысты қабылдау күйі автоматты түрде "жеке кабинетте" көрсетіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Тіркеу туралы өтініш және оған қоса берілетін құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады. Шетелдік есімдер мен заңды тұлғалардың атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ уақытша одан тыс жерлерде жүрген жеке тұлғалар өтініш берушінің өз құқықтарын, сондай-ақ мүдделі тұлғаның құқықтарын патенттік сенім білдірілген өкілсіз Қазақстан Республикасының шегінде хат-хабар алмасуға арналған мекенжайын көрсеткен кезде жүзеге асыра алады.

Сингапур шартына қатысушы мемлекеттің жеке немесе заңды тұлғасы болып табылатын тараптардың біріне құқықтарды беру туралы келісімдерді сараптау және тіркеу Сингапур шартының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған өтінішке көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен сәтте автоматты түрде тіркеу нөмірі енгізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде олардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған немесе осы қағидаларға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтер болмаған кезде көрсетілетін қызметті беруші осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қандай талаптарға сәйкес келмейтінін көрсете отырып, хабарлама жібереді.

Хабарламада көрсетілген құжаттарды сәйкес келтіру мерзімі көрсетілетін қызметті беруші хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Егер хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушы оны талаптарға сәйкес келтірмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес өтінішті одан әрі қараудан бас тартуды жібереді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7-тармақтың жетінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші " электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

Тексеру және тиісті құжаттарға ақы төлеу нәтижелері бойынша, сондай-ақ бас тарту үшін негіздер болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарлама дайындайды және осы қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес электрондық нысанда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім шығарған кезде көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші рұқсатын немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 30.06.2021 № 550 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қағидаларды 7-1, 7-2, 7-3 және 7-4 тармақтармен толықтыру көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Тіркелген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші бюллетеньде тауар таңбасына айрықша құқықты беруді тіркеу туралы мәліметтерді жариялайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

9-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті беруші Мемқызметтер туралы заңның 5-бабының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

Осы Қағидаларға өзгерістер немесе (және) толықтырулар енгізу кезінде, уәкілетті орган "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, Бірыңғай байланыс орталығына, көрсетілген қызметті берушіге тиісті нормативтік құқықтық акт әділет органдарына мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Тауар таңбасын пайдалану құқығын беруді тіркеу тәртібі

10. "Тауар таңбасын, селекциялық жетістікті, өнеркәсіптік меншік объектісін, сондай-ақ интегралдық микросхеманың топологиясын пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) көрсетілетін қызметті берушімен көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 15.06.2021 № 508 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы қағидалардың 7-қосымшасындағы "Тауар таңбасын, селекциялық жетістікті, өнеркәсіптік меншік объектісін, сондай-ақ интегралдық микросхеманың топологиясын пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің (бұдан әрі – тізбе) 8-тармағында көрсетілген қосымша құжаттарымен осы қағидалардың 8, 9 және 10-қосымшаларына сәйкес ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат түріндегі өтініштерді көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жолдайды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі тізбеде келтірілген.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

12-тармақтың екінші абзацы жана редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" ақпараттық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, осы қағидалардың 4-қосымшасында көрсетілген банктік ревизиттер бойынша жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жіберген кезде, мемлекеттік қызмет көрсетуге сұранысты қабылдау күйі автоматты түрде "жеке кабинетте" көрсетіледі.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Тіркеу туралы өтініш және оған қоса берілетін құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады. Шетелдік есімдер мен заңды тұлғалардың атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ уақытша одан тыс жерлерде жүрген жеке тұлғалар өтініш берушінің өз құқықтарын, сондай-ақ мүдделі тұлғаның құқықтарын патенттік сенім білдірілген өкілсіз Қазақстан Республикасының шегінде хат-хабар алмасуға арналған мекенжайын көрсеткен кезде жүзеге асыра алады.

Сингапур шартына қатысушы мемлекеттің жеке немесе заңды тұлғасы болып табылатын тараптардың біріне құқықтарды беру туралы келісімдерді сараптау және тіркеу Сингапур шартының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған өтінішке көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен сәтте автоматты түрде тіркеу нөмірі енгізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде олардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған немесе осы қағидаларға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтер

болмаған кезде көрсетілетін қызметті беруші осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қандай талаптарға сәйкес келмейтінін көрсете отырып, хабарлама жібереді.

Хабарламада көрсетілген құжаттарды сәйкес келтіру мерзімі көрсетілетін қызметті беруші хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Егер хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушы оны талаптарға сәйкес келтірмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы қағидалардың 13-қосымшасына сәйкес өтінішті одан әрі қараудан бас тартуды жібереді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

14-тармақтың жетінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші " электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

Тексеру және тиісті құжаттарға ақы төлеу нәтижелері бойынша, сондай-ақ бас тарту үшін негіздер болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарлама дайындайды және осы қағидалардың 11, 12-қосымшаларына сәйкес электрондық нысанда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім шығарған кезде көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші рұқсатын немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 30.06.2021 № 550 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Тіркелген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші бюллетеньде тауар таңбасын пайдалану құқықығын беруді тіркеу туралы мәліметтерді жариялайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

16-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Көрсетілетін қызметті беруші Мемқызметтер туралы заңның 5-бабының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді

мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

Осы Қағидаларға өзгерістер немесе (және) толықтырулар енгізу кезінде, уәкілетті орган "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, Бірыңғай байланыс орталығына, көрсетілген қызметті берушіге тиісті нормативтік құқықтық акт әділет органдарына мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 21.10.2022 № 876 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

17. Уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, шағымды қарайтын орган жүргізеді.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасаған лауазымды тұлғаға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды тұлға, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешімді немесе әкімшілік әрекетті қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды қарайтын органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 30.06.2021 № 550 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Мемлекеттік көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауар белгілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде айрықша құқықтарды беру, тауар белгісін пайдалануға құқық беру туралы қағидаларына
1-қосымша
Нысан

"Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке, өнеркәсіптік меншік объектісіне, сондай-ақ интегралдық микросхема топологиясына айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК).
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	www. egov. kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал).
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	10 (он) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Тауар белгісіне айрықша құқықты беруді тіркеу немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.
		"Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық

6	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері</p>	<p>нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының Заңның 3-1 бабының 2-тармағына сәйкес бекітілетін және уәкілетті органның adilet.gov.kz және мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz ресми сайттарында орналастырылған тауар белгілерін қорғау саласындағы қызметтерге және бағаларға сәйкес ақылы негізде көрсетіледі. Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" ақпараттық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.</p>
7	Жұмыс кестесі	<p>Көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жұмыс істейді.</p> <p>Портал жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы жұмыс істейді (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
		<p>1) осы қағиданың 2 және 3-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша өзгеге беру/ішінара беру шарты бойынша тауар таңбасына айрықша құқықты беруді тіркеу үшін жеке және (немесе) заңды тұлғаның электрондық нысандағы өтініштері;</p>

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	<p>2) тауар таңбасын пайдалануға айрықша құқықты беру туралы шарттың электрондық көшірмесі немесе шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;</p> <p>3) ұлттық көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген жағдайда, қорғау құжаты немесе айрықша құқықтар иесінің басқару органдары немесе құрылтайшылардың/ акционерлердің жалпы шешімімен шарт жасасу және шартқа кәсіпорын басшысының қол қою өкілеттігін беру мәселесі бойынша шешімінің электрондық көшірмесі ;</p> <p>4) сенімхаттың электрондық көшірмесі егер мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш өкіл арқылы берілсе.</p> <p>Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген	<p>1) объектіге айрықша құқықтың тоқтатылған қолданылу мерзімін қалпына келтіру мерзімінің аяқталуы;</p> <p>2) тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздерді жою үшін мерзімнің өтуі;</p> <p>3) шарттың тарапы болып табылмайтын тұлғадан тіркеу туралы өтінішті алу;</p> <p>4) лицензиялық шартты немесе оған қосымша келісімді тіркеудің болмауы;</p> <p>5) тараптың объектіні пайдалану құқығын беруге кедергі келтіретін қабылданған міндеттемелердің болуы;</p> <p>6) тауар таңбасына құқық берілген жағдайда тауарға немесе оны дайындаушыға қатысты жаңылыстыруға;</p> <p>7) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік</p>

	<p>мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмаған жағдайда жол берілмейді.</p> <p>Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған немесе шартты тіркеуге кедергі келтіретін негіздер болған жағдайда, бірақ көрсетілетін қызметті берушімен қалпына келтірілуі мүмкін көрсетілетін қызметті алушыға жіберілген күннен бастап үш ай ішінде болмаған немесе түзетілген құжаттарды ұсынуға не болмаса тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуге хабарлама жолданады. Бұл жағдайда құжаттарға тексеру жүргізу мерзімі болмаған немесе түзетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап есептеледі.</p>
<p>10</p>	<p>Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алуға және бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар;</p> <p>2) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпараттық қызметтердің байланыс телефондары уәкілетті органның www. adilet. gov. kz және көрсетілетін қызметті берушінің www. kaz pate nt. kz интернет-ресурстарында көрсетілген.</p>

Тауар белгілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде айрықша құқықтарды беру, тауар белгісін пайдалануға құқық беру туралы қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Айрықша құқықты басқаға беру шарты бойынша беруді тіркеу туралы ӨТІНІШ

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатына (қорғау құжаттарына) қатысты айрықша құқықты басқаға беру шарты бойынша беруді тіркеуді сұраймын.

1. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) мен нөмірі (нөмірлері):

2. Иеленуші (жеке тұлғаның Тегі Аты Әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі – Т.А.Ә.) / заңды тұлғаның атауы, заңды мекенжайы):

3. Құқықтық мирасқор (жеке тұлғаның Т.А.Ә. / заңды тұлғаның атауы, заңды мекенжайы):

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өтініш берушінің басқа өкілі:

5. Хат алмасу үшін мекенжайы және байланыс телефондары:

6. Өтініш беруші "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісемін.

Т.А.Ә. _____

Қосымшалар:

Шарт ___ парақта;

Өкілдің өкілеттігін растайтын сенімхат көшірмесі ___ парақта ___ данада;

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметі үшін төлемді растайтын құжат;

Басқа құжат (көрсету).

Күні

ЭЦҚ (Т.А.Ә.)

Рөлі

Тауар белгілерін мемлекеттік
тіркеу тізілімінде айрықша
құқықтарды беру, тауар белгісін
пайдалануға құқық беру туралы
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Айрықша құқықты ішінара басқаға беру шарты бойынша беруді тіркеу туралы ӨТІНІШ

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатына (қорғау құжаттарына) қатысты айрықша құқықты ішінара басқаға беру шарты бойынша беруді тіркеуді сұраймын.

1. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) мен нөмірі (нөмірлері):

2. Иеленуші (жеке тұлғаның Тегі Аты Әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі – Т.А.Ә.) немесе заңды тұлғаның атауы, заңды мекенжайы):

3. Құқықтық мирасқор (жеке тұлғаның Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы, заңды мекенжайы):

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өтініш берушінің басқа өкілі:

5. Берілетін құқықтардың шартпен көзделген көлемі:

6. Хат алмасу үшін мекенжайы және байланыс телефондары:

7. "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісемін.

Т.А.Ә. _____

Қосымшалар:

Шарт ___ парақта;

Өкілдің өкілеттігін растайтын сенімхат көшірмесі ___ парақта ___ данада;

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметі үшін төлемді растайтын құжат;

Басқа құжат (көрсету).

Күні

ЭЦҚ (Т.А.Ә.)

Рөлі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауар белгілерін мемлекеттік
тіркеу тізілімінде айрықша
құқықтарды беру, тауар белгісін
пайдалануға құқық беру туралы
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Мемлекеттік баж төлеу үшін көрсетілетін қызметті берушінің қажетті банк деректемелері

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 21.10.2022 № 876 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қабылдаушы: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шарушылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 57А ғимараты, тұрғын емес үй-жай 8

БСН: 020940003199

КБЕ: 16

ТБК: 859

Банк атауы, ЖСК, БСК: "Нұрбанк" акционерлік қоғамы
KZ8584905KZ006015415NURSKZKX

"Қазақстанның Халық Банкі" акционерлік қоғамы KZ386010111000288323
HSBKKZKX, KZ366017111000000792 HSBKKZKX

"Bereke Bank" акционерлік қоғамы KZ14914012203KZ0047J SABRKZKA

Астана қаласындағы "ForteBank" акционерлік қоғамының филиалы
KZ1096503F0007611692IRTYKZKA

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауар белгілерін мемлекеттік
тіркеу тізілімінде айрықша
құқықтарды беру, тауар белгісін
пайдалануға құқық беру туралы
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Шарттың тіркеу нөмірі:

Шартты тіркеу күні:

Патент иеленуші:

Құқықтық мирасқор:

"Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке, өнеркәсіптік меншік объектісіне, сондай-ақ интегралдық микросхема топологиясына айрықша құқықты беруді тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсету туралы ХАБАРЛАМА

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының _ бабының _ тармағына сәйкес № _ тауар таңбасына құқықтарды басқаға беру шарты (ішінара) бойынша айрықша құқықты беру Қазақстан Республикасы тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінде тіркелгенін хабарлайды.

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауар белгілерін мемлекеттік
тіркеу тізілімінде айрықша
құқықтарды беру, тауар белгісін
пайдалануға құқық беру туралы
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Шарттың тіркеу нөмірі:

Шартты тіркеу күні:

**Патент иеленуші , Лицензиар (Қосалқы лицензиар), Кешенді
лицензиар (Қосалқы лицензиар):**

**Құқықтық мирасқор, Лицензиат (Қосалқы лицензиат),
кешенді лицензиат (Қосалқы лицензиат):**

Өтінішті одан әрі қараудан ДӘЛЕЛДІ БАС ТАРТУ

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 15.06.2021 № 508 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны _____ байланысты, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес өтінішті одан әрі қараудан бас тартылғанын хабарлайды.

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауар белгілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде айрықша құқықтарды беру, тауар белгісін пайдалануға құқық беру туралы қағидаларына
7-қосымша
Нысан

"Тауар таңбасын, селекциялық жетістікті, өнеркәсіптік меншік объектісін, сондай-ақ интегралдық микросхеманың топологиясын пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК).
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал).
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	10 (он) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Тауар белгісіне пайдалану құқығын беруді тіркеу туралы хабарламаны жіберу немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.
		"Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының Заңның 3-1 бабының 2-тармағына сәйкес бекітілетін және уәкілетті органның adilet.gov.kz және

6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	<p>мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz ресми сайттарында орналастырылған тауар белгілерін қорғау саласындағы қызметтерге және бағаларға сәйкес ақылы негізде көрсетіледі.</p> <p>Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" ақпараттық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, жүзеге асырылады.</p>
7	Жұмыс кестесі	<p>Көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жұмыс істейді.</p> <p>Портал жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы жұмыс істейді (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
		<p>1) осы қағидалардың 8, 9 және 10-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе лицензиялық шарттың электрондық түрдегі талаптарын қамтитын өзге шарт бойынша селекциялық жетістікті пайдалану құқығын беруді тіркеу үшін жеке және (немесе) заңды тұлғалардың өтініштері;</p> <p>2) тауар таңбасын пайдалану құқығын беру туралы шарттың электрондық көшірмесі немесе шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;</p>

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	<p>3) ұлттық көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген жағдайда, қорғау құжаты немесе айрықша құқықтар иесінің басқару органдары немесе құрылтайшылардың/ акционерлердің жалпы шешімімен шарт жасасу және шартқа кәсіпорын басшысының қол қою өкілеттігін беру мәселесі бойынша шешімінің электрондық көшірмесі ;</p> <p>4) сенімхаттың электрондық көшірмесі егер мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш өкіл арқылы берілсе.</p> <p>Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) объектіге айрықша құқықтың тоқтатылған қолданылу мерзімін қалпына келтіру мерзімінің аяқталуы;</p> <p>2) тіркеуге уақытша кедергі келтіретін негіздерді жою үшін мерзімнің өтуі;</p> <p>3) шарттың тарапы болып табылмайтын тұлғадан тіркеу туралы өтінішті алу;</p> <p>4) лицензиялық шартты немесе оған қосымша келісімді тіркеудің болмауы;</p> <p>5) Тараптың объектіні пайдалану құқығын беруге кедергі келтіретін қабылданған міндеттемелердің болуы;</p> <p>6) тауар таңбасына құқық берілген жағдайда тауарға немесе оны дайындаушыға қатысты жаңылыстыруға жол берілмейді;</p> <p>7) Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмаған жағдайда жол берілмейді.</p>

		<p>Құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған немесе шартты тіркеуге кедергі келтіретін негіздер болған жағдайда, бірақ көрсетілетін қызметті берушімен калпына келтірілуі мүмкін көрсетілетін қызметті алушыға жіберілген күннен бастап үш ай ішінде болмаған немесе түзетілген құжаттарды ұсынуға не болмаса тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуге хабарлама жолданады. Бұл жағдайда құжаттарға тексеру жүргізу мерзімі болмаған немесе түзетілген құжаттар ұсынылған күннен бастап есептеледі.</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алуға және бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар;</p> <p>2) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпараттық қызметтердің байланыс телефондары уәкілетті органның www.adilet.gov.kz және көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz интернет-ресурстарында көрсетілген.</p>

Тауар белгілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде айрықша құқықтарды беру, тауар белгісін пайдалануға құқық беру туралы қағидаларына
8-қосымша
Нысан

Құқықты лицензиялық немесе қосалқы лицензиялық шарт бойынша беруді тіркеу туралы ӨТІНІШ

Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатына (қорғау құжаттарына) қатысты құқықты лицензиялық немесе қосалқы лицензиялық шарт бойынша беруді тіркеуді сұраймын

1. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) мен нөмірі (нөмірлері):

2. Лицензиар (қосалқы лицензиар) (жеке тұлғаның Тегі Аты Әкесінің аты (бар болса)
(бұдан әрі - Т.А.Ә.) / заңды тұлғаның атауы*, заңды мекенжайы):

3. Лицензиат (қосалқы лицензиат) (жеке тұлғаның Т.А.Ә. / заңды тұлғаның атауы*, заңды мекенжайы):

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өтініш берушінің басқа өкілі:

5. Пайдаланылатын түрлерін ескере отырып, берілетін құқықтардың шартпен көзделген көлемі:

6. Хат алмасу үшін мекенжайы және байланыс телефондары:

Қосымшалар:

Шарт ____ парақта;

Өкілдің өкілеттігін растайтын сенімхат көшірмесі _____ парақта _____ данада;

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметі үшін төлемді растайтын құжат;

Басқа құжат (көрсету).

Күні	ЭЦҚ (Т.А.Ә.)
	Рөлі

*Заңды тұлғалардың шетелдік атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясымен беріледі

*Заңды тұлғалардың шетелдік атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясымен беріледі

Тауар белгілерін мемлекеттік
тіркеу тізілімінде айрықша
құқықтарды беру, тауар белгісін
пайдалануға құқық беру туралы
қағидаларына
9-қосымша
Нысан

Құқықты кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты (франчайзинг) бойынша беруді тіркеу туралы ӨТІНІШ

Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатына (қорғау құжаттарына) қатысты құқықты кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты (франчайзинг) бойынша беруді тіркеуді сұраймын.

1. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) мен нөмірі (нөмірлері):

2. Кешенді лицензиар (жеке тұлғаның Тегі Аты Әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі - Т.А.Ә.) / заңды тұлғаның атауы*, заңды мекенжайы):

3. Кешенді лицензиат (жеке тұлғаның Т.А.Ә. / заңды тұлғаның атауы*, заңды мекенжайы):

4. Патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өтініш берушінің басқа өкілі:

5. Пайдаланылатын түрлерін ескере отырып, берілетін құқықтардың шартпен көзделген көлемі:

6. Хат алмасу үшін мекенжай және байланыс телефондар:

Қосымшалар:

Шарт ____ парақта;

Өкілдің өкілеттігін растайтын сенімхат көшірмесі _____ парақта _____ данада;

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметі үшін төлемді растайтын құжат;

Басқа құжат (көрсету).

Күні	ЭЦҚ (Т.А.Ә.)
	Рөлі

*Заңды тұлғалардың шетелдік атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясымен беріледі

*Заңды тұлғалардың шетелдік атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясымен беріледі

Тауар белгілерін мемлекеттік
тіркеу тізілімінде айрықша
құқықтарды беру, тауар белгісін
пайдалануға құқық беру туралы
қағидаларына
10-қосымша
Нысан

Құқықты лицензиялық (қосалқы лицензиялық, кешенді кәсіпкерлік лицензия) шартына қосымша келісімді тіркеу туралы ӨТІНІШ

Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатына (қорғау құжаттарына) қатысты жасалған лицензиялық (қосалқы лицензиялық, кешенді кәсіпкерлік лицензия) шартына қосымша

келісімді тіркеуді сұраймын.

1. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) мен нөмірі (нөмірлері):

2. Шарттың тіркеу нөмірі және тіркелген күні:

3. Лицензиар (қосалқы лицензиар, кешенді лицензиар) (жеке тұлғаның Тегі Аты Әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі - Т.А.Ә.) / заңды тұлғаның атауы*, заңды мекенжайы):

4. Лицензиат (қосалқы лицензиат, кешенді лицензиат) (жеке тұлғаның Т.А.Ә. / заңды тұлғаның атауы*, заңды мекенжайы):

5. Патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өтініш берушінің басқа өкілі:

6. Хат алмасу үшін мекенжай және байланыс телефондар:

Қосымшалар:

Шарт _____ парақта;

Өкілдің өкілеттігін растайтын сенімхат көшірмесі _____ парақта _____ данада;

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметі үшін төлемді растайтын құжат;
Басқа құжат (көрсету).

Күні	ЭЦҚ
	Рөлі

*Заңды тұлғалардың шетелдік атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясымен беріледі

*Заңды тұлғалардың шетелдік атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясымен беріледі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

11-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауар белгілерін мемлекеттік
тіркеу тізілімінде айрықша
құқықтарды беру, тауар белгісін
пайдалануға құқық беру туралы
қағидаларына
11-қосымша
Нысан

Шарттың тіркеу нөмірі:

Шартты тіркеу күні:

Лицензиар (Қосалқы лицензиар):

Лицензиат (Қосалқы лицензиат):

"Тауар таңбасын, селекциялық жетістікті, өнеркәсіптік меншік объектісін, сондай-ақ интегралдық микросхеманың топологиясын пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсету туралы ХАБАРЛАМА

Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының _ бабының _ тармағына сәйкес № _ тауар таңбасын пайдалануға арналған лицензиялық шарт бойынша айрықша (қосалқы) лицензия беру (бермеу) Қазақстан Республикасы тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінде тіркелгенін хабарлайды.

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

12-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауар белгілерін мемлекеттік

тіркеу тізілімінде айрықша
құқықтарды беру, тауар белгісін
пайдалануға құқық беру туралы
қағидаларына
12-қосымша
Нысан

Шарттың тіркеу нөмірі:

Шартты тіркеу күні:

Кешенді лицензиар (Қосалқы лицензиар):

Кешенді лицензиат (Қосалқы лицензиат):

"Тауар таңбасын, селекциялық жетістікті, өнеркәсіптік меншік объектісін, сондай-ақ интегралдық микросхеманың топологиясын пайдалану құқығын беруді тіркеу" мемлекеттік қызметтің көрсету туралы ХАБАРЛАМА

Ескерту. 12-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 736 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының _ бабының _ тармағына сәйкес № _ тауар таңбасын (ларды) пайдалануға айрықша лицензия беру (бермеу) туралы кешенді кәсіпкерлік (қосалқы) лицензия шарты Қазақстан Республикасы тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінде тіркелгенін хабарлайды.

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

13-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тауар белгілерін мемлекеттік
тіркеу тізілімінде айрықша
құқықтарды беру, тауар белгісін
пайдалануға құқық беру туралы
қағидаларына
13-қосымша
Нысан

Шарттың тіркеу нөмірі:

Шартты тіркеу күні:

Құқық иеленуші , Лицензиар (Қосалқы лицензиар), Кешенді лицензиар (Қосалқы лицензиар):

Құқықтық мирасқор, Лицензиат (Қосалқы лицензиат), кешенді лицензиат (Қосалқы лицензиат):

Өтінішті одан әрі қараудан ДӘЛЕЛДІ БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ

Ескерту. 13-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 15.06.2021 № 508 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны _____ байланысты, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес өтінішті одан әрі қараудан бас тартылғанын хабарлайды.

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК